

/Электронный источник/ <https://cyberleninka.ru/article/n/elektronnye-dengi-kak-osnovnoy-instrument-funktsionirovaniya-informatsionnogo-obschestva>.

3. Строителева Е.В. Мигачев И.Б. Электронные деньги: виды, сущность и перспективы развития: Журнал. — Дискуссия. — 2015. /Электронный источник/ <https://cyberleninka.ru/article/n/elektronnye-dengi-vidy-suschnost-i-perspektivy-razvitiya>.

4. Парасоцкая Н.Н. Архипова М.А. Электронные деньги: проблемы и перспективы: Журнал.— Бухгалтерский учет в бюджетных и некоммерческих организациях. — 2015. /Электронный источник/ <https://cyberleninka.ru/article/n/elektronnye-dengi-problemy-i-perspektivy>.

Қазақстан Республикасында электронды кассалық аппараттардың дамуы және маңызы

Б.Е. Әнет¹, Г.К. Ильясова², Б.А. Таңат³

^{1,2}Қаржы мамандығының 2 курс студенттері

³Э.ғ.м., аға оқытушы Г.Р. Топшахова

b.anetov@mail.ru, kalibekovna.gauhar@mail.ru, tanatbekzat0@gmail.com

^{1,2,3}академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Түйіндеме: Бұл мақалада электронды кассалық аппараттың экономикамызды жаңа деңгейге шығаруға тигізетін пайдасы жан жақты талқыланып және даму болашағы келтірілген.

Кілт сөздер: Кассалық аппарат, чек, онлайн касса, салық базасы, гаджет, салық инспекторы, POS-терминалдар.

Сауда орындарының жұмысын жеңілдетіп, қаржылық келенсіздіктердің алдын алатын заманауи құрылғы – кассалық аппарат. Бір қарағанда, көзге еленбейтін сауда құралының тигізер пайдасы көп. Бүгінде сатушының жұмысын жеңілдеткен аппараттың түрі де, атқарар қызметі де күрделенген.

1871 жылы Джеймс Ритти атты өнертапқыш Американың Дейтон штатында ерекше мейрамхана ашады. Қол астына бірнеше адам алып, қызу жұмысқа кіріседі.

Күндердің күні Джеймс мейрамханаға түсетін кірістен гөрі, шығынның көп екенін байқайды. Оның ойына бірден кемең жылдамдығын және су тығыздығын тура есептейтін тахометр оралады. Осы секілді мейрамханаға түсетін ақшаны да дәлме-дәл есептейтін құрылғы ойлап табуға бел буады.

Алғашқы кассалық аппарат екі сүйір тілшесі бар сағат секілді болған. Оның ұзын тілі теңгені көрсетсе, қысқасы тиынды есептейді. Алайда, кассада тұратын жұмысшы құрылғының тілшелерін кейін айналдырып, ақшаны оңай ұрлайтын еді.

Джеймс бұл олқылықты реттеу мақсатында тілшелердің орнын сандарды көрсетіп тұратын құрылғымен алмастырды. Сондай-ақ, есептеуіш құралдың төбесіне қоңырау орнатты. Сөйтіп, бұл аппаратқа Джеймс Ритти патент алды.

Уақыт өте келе «кассалық аппарат қате есептейді», дейтіндердің қатары көбейді. Джеймс ол мәселені де бірден реттеп, арнайы чек басып беретін құрылғы шығарды. Сол кезден бастап оған тек сатушылар ғана емес, қаржы саласымен айналысатын мекемелер де қызыға бастады.

Қазір барлық кассалық аппараттар онлайн тіркеуден өтеді. Клиент сайтқа өзі кіріп-ақ тіркеле алады. Техникалық қызмет көрсету бұл үшін ақша алады. Бірақ салық орталығына бару міндетті емес, барлығын үйде істеуге болады. Онлайн кассаның қызметі есеп айырысуды тіркейді әрі ақпаратты ұзақ уақыт сақтай алады. Ондағы сомалар түзетілмейді.

Онлайн-кассалық аппарат деген - бұл бақылауды автоматты түрде салық базасына онлайн режимінде өткізетін касса.

Кассалық аппараттарды ауыстыру туралы әңгіме 2016 жылы басталған-ды. Қаржы министр-лігінің «Қазақстан Республикасы аумағында салық төлеушілер есеп айырысу кезінде тіркеу немесе мәліметтерді беру функциясы бар бақылау-кассалық аппараттарды қолданатын қызмет түрлерін бекіту» туралы №206 бұйрығы да сол жылы жарияланды [1]. Бұл құжат салық органдары белгілеген 10 қызмет түрін көрсетумен айналысатын кәсіпкерлерге бұрынғы кассалық аппараттың қазіргі онлайн кассалық аппаратқа ауыстыруды міндеттейді. Бірақ кәсіпкерлермен арадағы ұзақ келіссөздерден кейін тапсырма кезең-кезеңімен орындалады деп мәмілеге келген еді.

Онлайн касса – тегін жүктеледі. Чектер тікелей телефонға мөр басылып, арнайы принтер арқылы басып шығарылады немесе электронды түрде клиентке жіберіледі [2].

Онлайн кассалық машинаның қарапайым кассадан айырмашылығын айта кетсек бұл олардың формадағы айырмашылығы. Қарапайым бақылау кассасы – бұл біз көретін әдеттегі кассалық аппарат. Тек қазір олар ақпаратты ғаламтор арқылы бере алады. Онлайн кассалық құрылғы – бұл кез-келген гаджетке орнатуға болатын бағдарлама және сіз одан чекті басып шығара аласыз.

Екіншіден, тексерулерді тек біреуінен емес, бірнеше гаджеттен алып тастауға болады. Осылайша, сіз бір сатушыға немесе құрылғыға байланыспайсыз.

Үшіншіден, онлайн кассалық машиналарда сіз сатылатын өнімнің немесе қызметтің атауын оңай тіркей аласыз. Бұл белгілі бір соманы тексеріп қана қоймай, дәл немен сатылатыны туралы статистика жүргізісі келетіндерге ыңғайлы. Немесе сіздің сатып алушы үшін чекте оның сатып алу атауы жазылғандығы маңызды.

Төртіншіден, бұл кассирді бухгалтерлік есеп жүйесіне біріктіру мүмкіндігі. Яғни, сізге кассир арқылы келген ақшаны өз шотыңыздың жүйесіне бөлек енгізудің қажеті жоқ. Сіз бірден барлық кірістерді бір жерде көресіз.

Ал бесіншісі – қашықтан басқару. Сіз кез-келген уақытта сатушыларыңыздың қанша келісім жасағанын көре аласыз.

Бірінші жаңалық, жеңілдету және патенттеу бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлер онлайн-кассалық бақылауды сатып алу кезінде жеке табыс салығын төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл сома 60 000 теңгеден аспауы керек және ПИТ жалпы сомасының 50%. Осылайша, мемлекет сізге бақылау-кассалық машиналарды сатып алу кезінде келтірілген шығындарды өтейді.

Егер сіз онлайн-кассалық машинаны қолдансаңыз, кассалық кітапты жүргізу қажет емес [3].

Үкіметтің байламы бойынша, бақылау кассасын енгізу қолма-қол есеп айырысуды нақты уақыт режимінде қашықтан бақылауды қамтамасыз ететін көрінеді. Салық қызметкерлері есеп беру мерзімін күтпей-ақ, кәсіпкердің табысы мен ол декларациялайтын кірісті үнемі салыстырып отырады. Деректерді жіберу функциясы бар кассалық бақылау машиналарын (КБМ) енгізу арқылы кәсіпкерлердің кірісін азайтып көрсету немесе жасырып қалуының алдын алып, қазынаға түсетін салықтың көлемін арттыруға болады. Дәл осындай кассалық аппараттарды орнатудың нәтижесінде 2018 жылы бюджетке қосымша 14,1 млрд. теңге түсіпті.

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасының есебі бойынша осы кезде 470 341 КБМ тіркелгенін, оның ішінде, 320 903 – онлайн-КБМ, яғни онлайн-кассалық аппаратпен қамтылу деңгейі 70,3%-ға жеткен.

Сонымен қатар, 2020 жылдан патент негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлерге де, бірыңғай жер салығын төлеушілерге де деректерді жіберу функциясы бар КБМ орнату міндеттелмек. Ал мұндай кәсіпкерлердің қатары – 500 мың шамасында. Яғни, келер жылдың басында, ең аз дегенде, 1 млн касса тіркелуі тиіс. Осы жоспар орындалса, қазынаға салықтан түсетін қаржы он есеге дейін артуы мүмкін. Қазіргі кезде есепте тұрған онлайн-кассалардың саны – 490 мың.

Қорыта келе, цифрлы технологияның мүмкіндігі қарқынды дамып жатқанын ескере отырып, болашақта онлайн-кассалық аппараттардың да, дүкендегі сату-шының да керегі болмай қалуы мүмкін екенін ескертеді. 2019 жылдың соңында атақты Amazon компаниясы сатушысы, кассалық аппараты жоқ дүкендер желісін іске қосқаны осының бір мысалы ғана [4]. Бұған дейін компания қызметкерлері аталған жүйені қанат-қақты режимде талай рет сынақтан өткізгенді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://kursiv.kz/news/kompanii-i-rynki/2019-11/onlayn-kassalyk-apparat-salyk-organdaryna-derek-zhetkizu-tegin-boluy>
2. <https://qazaqstan.tv/news/99378/>
3. Николай Химич., «Бизнес – кассовый аппарат – налоговая. Советы и рекомендации практиков»
4. Николай Химич., «Характерные ошибки кассиров (продавцов). Конкретные советы и рекомендации опытных специалистов»